

көмірсутектерді изомерлеу сияқты жылдам өтетін реакциялар басым рөлін атқара бастайды . Ароматты қосылыстарды деалкилдеу және жеңіл көмірсутектерді гидрокрекингтеу, алкандарды дегидроциклдеу реакция-ларының ролі төмендейді.

Әр түрлі реакциялар арасындағы қатынастардың нәтижесінде бензиннің шығымы артады, бірақ оның октандық саны төмендейді.

Төменде процестің көлемдік жылдамдығына каталитикалық риформинг бензинінің қасиеттерінің және шығымының тәуелділігі көрсетілген:

	2 сағ <sup>-1</sup>	3 сағ <sup>-1</sup>	4 сағ <sup>-1</sup>
Депропанданған бензиннің шығымы, %	91,8	93,9	95,1
Бензиннің октандық саны	85,0	81,0	76,0
Арендердің құрамы, %	43,0	40,5	38,0

Өндірістік жағдайда берілген процестің және шикізаттың құрамына тәуелді көлемді жылдамдықты 1-3 сағат<sup>-1</sup> деңгейінде ұстап тұрады.

### 3.2.3. Риформинг катализаторлары

Риформинг катализаторларына платина тобының металдары жатады (дегидрлеуші және гидрлеуші каталитикалық активтілік), олардың негізгісі тасымалдағыштардағы платинаның өзі : тасымалдағыш ретінде, негізінен, алюминий оксиді, сонымен қатар өз бетімен ыдыраушы және полимерлеуші каталитикалық активтілік (қышқылдық катализаторлар) қабілеті бар алюмосиликаттар қызмет атқарады. Мұндай типті катализаторларды бифункционалды деп атайды; олар алкандарды және циклоалкандарды гидроизомерлегенде жоғары активтілік және таңдағыштық көрсетеді.

Алюмоплатиналық катализаторлар кең таралған. Платина гидрлеу және дегидрлеу реакцияларында активті болады. Ол кокс болдырмай, ароматты қосылыстардың түзілуіне және аралық олефиндерді гидрлеуге үлес қосады. Катализатордағы платинаның құрамы - әдетте 0,3-0,65%. Платина концентрациясының жоғарылауы катализатордың активтілігін арттырады және бензиннің октандық санының жоғарылауына әкеледі. Бірақ платинаның өте артық жоғары мөлшері қажетті емес, себебі бензиннің шығымын азайтатын циклоалкандарды ыдырататын және диметилдейтін реакциялардың ролі күшейеді. Платинаның құрамын шектейтін басқа фактор - оның жоғары құндылығы.